

# ЖҮСІП БАЛАСАҒҰННЫҢ «ҚҰТТЫ БІЛІК» ШЫҒАРМАСЫНДАҒЫ САЯСИ КӨШБАСШЫЛЫҚ КОНЦЕПЦИЯСЫ

<sup>1</sup>Д.М. Наурузбаев, <sup>2</sup>Ж. Алтаев, <sup>3</sup>А.Ә. Рыскиева

## АҢДАТПА

Түркістан топырағында Қарахан дәуірінде (840-1212) жазылған түркі ойшылы Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» (Құтадғу билиг) атты көрнекті шығармасы түркі халықтарының тарихындағы маңызды саяси және терең рухани өзгерістер кезеңінде түркі-ислам философиясының қалыптасуы мен дамуында өзекті рөл атқарды. Жүсіп Баласағұн өз еңбегінде қоғамдық-саяси құрылыстың идеал нұсқалары жөнінде, әділ қоғам және билеушінің мінез-құлық ережелері туралы көптеген прогрессивті пайымдаулар айтқан. Осыған орай мақалада «Құтты білік» шығармасының саяси-философиялық аспектілері мен Жүсіп Баласағұнның саяси көшбасшылық туралы ойлары қарастырылады. Сонымен бірге тақырыпты ашу мақсатында авторлар Жүсіп Баласағұнның саяси көшбасшылық туралы ой-пікірлерінің қалыптасуының социомәдени алғышарттарын анықтап, түркі ойшылының саяси көшбасшылық туралы ой-пікірлерін объективті көзқарас тұрғысынан талдайды.

**Түйін сөздер:** Құтты білік, Жүсіп Баласағұн, Қарахан дәуірі, түркі-ислам философиясы, саяси көшбасшылық, Даналық (Wisdom).

<sup>1,2</sup>Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

<sup>3</sup>Нұр-Мүбәрак Египет ислам мәдениеті университеті, Алматы, Қазақстан

Автор-корреспондент:  
Д.М. Наурузбаев,  
nauruzbayevd@bk.ru

*Мақаланың сілтемесі:*  
Наурузбаева Д.М.,  
Алтаев Ж., Рыскиева А.Ә.  
Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» шығармасындағы саяси көшбасшылық концепциясы // Адам әлемі. – 2023. – № 2 (96). – Б. 99-111.

## Концепция политического лидерства в произведении Юсуфа Баласагуни «Кутадгу билиг»

**Аннотация.** Выдающееся произведение тюркского мыслителя Юсуфа Баласагуни «Благодатное знание» (Кутадгу билиг), написанное в эпоху Караханидов (840-1212 гг.) в Центральной Азии, сыграло важную роль в становлении и развитии тюрко-исламской философии в период важных политических и духовных изменений в истории тюркских народов. В своем произведении Юсуф Баласагуни высказал множество прогрессивных суждений об идеальных формах общественного и политического устройства, справедливого общества и правила поведения правителя. В связи с этим, в статье рассматриваются политико-философские аспекты произведения «Кутадгу билиг» и мысли Юсуфа Баласагуни о политическом лидерстве. При этом в целях раскрытия темы авторы определяют социокультурные предпосылки формирования мыслей Юсуфа Баласагуни о политическом лидерстве, анализируют идеи и мысли о концепции политического лидерства с точки зрения объективных взглядов.

**Ключевые слова:** Кутадгу Билиг, Юсуф Баласагуни, Караханиды, тюрко-исламская философия, политическое лидерство, Мудрость (Wisdom).

## The Concept of Political Leadership in Yusuf Balasaguni's Work "Kutadgu Bilig"

**Abstract.** The outstanding work of the Turkic thinker Yusuf Balasaguni "Kutadgu Bilig" ("The Wisdom of Royal Glory"), written in the era of the Karakhanids (840-1212) in Central Asia, played a significant

role in the formation and development of Turkic-Islamic philosophy during the period of significant political and spiritual changes in history Turkic people. In his work, Yusuf Balasaguni expressed many progressive ideas about the ideal forms of social and political order, a fair society, and the norm of behavior for the political leader. In this regard, the article discusses the political and philosophical aspects of the work «Kutadgu Bilig» and Yusuf Balasaguni's thoughts on political leadership. At the same time, in order to reveal the topic, the authors determine the socio-cultural prerequisites for the formation of Yusuf Balasaguni's thoughts on political leadership and analyze the ideas and thoughts about the concept of political leadership from the point of view of objective views.

**Key words:** Kutadgu Bilig, Yusuf Balasaguni, Karakhan Era, Turkic-Islamic Philosophy, Political Leadership, Wisdom.

### *Kіpіcne*

Түркістан топырағындағы Қарахан мемлекеті (840-1212) дәуірінде әлем зерттеушілерінің айрықша назарына іліккен, түркі-ислам мәдениетінің ең танымал туындылары – Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» («Құтадғу біліг») пен Махмұт Қашқаридың «Түркі тілінің сөздігі» («Диуани лұғат-ат-түрк») атты шығармалары жарыққа шықты. Қарахан мемлекетінің Х ғасырдың ортасында ислам дінін мемлекеттік дін ретінде қабылдауы мемлекеттің идеологиясы үшін де, көнеден жалғасқан түркі мәдениеті мен дүниетанымы үшін де аса зор маңызы болды. Саяси, мәдени және рухани өзгерістерге толы бұл дәуірдегі түркі-ислам әдебиеті мен фәлсафасының қалыптасып, өркен жауында Махмұт Қашқари мен Жүсіп Баласағұн сияқты түркі ғұламаларының үлесі зор. Бірі лингвистикалық зерттеулер мен ұлттық танымды жазу саласында, екіншісі түркі-ислам философиясын қалыптастырушы және исламдық діни құндылықтар мен ой-пікірлерін түркі дәстүріне синтез жасаушы ретінде үлкен рөл атқарды. Осыған байланысты ортағасырлық түркі-ислам философиясы әлемдік зерттеушілер үшін айрықша қызығушылық тудыратын тақырыптардың бірі. Өйткені бұл дәуірдегі бақытты ел, ізгі әділетті қоғамды қалыптастыру, оны басқару, саяси көшбасшылық, даналық пен парасаттылықтың саяси-философиялық және әлеуметтік-этикалық аспектілері жөнінде көптеген прогрессивті түркі-ислам философиялық тұжырымдары шоғырланған. Дегенмен, ортағасырлық түркі-ислам философиясының қалыптасуы мен даму үдерістері, оның қайнар көзі, социомәдени алғышарттары, түркі жерінен шыққан ғұламалардың философиялық ой-

тұжырымдарының мазмұндық үйлесімділігі мен сабақтастығы туралы мәселелер әлі күнге дейін отандық философия ғылымында толық зерттелмеген күйінде қалып отыр. Осыған байланысты тақырыпты зерттеу аса өзектілігімен ерекшеленеді. Сонымен қатар қазіргі кезеңдегі еліміздегі Жаңа Қазақстан қоғамдық жаңару мен жаңғыртуда және бұл идеяны жүзеге асыруда Жүсіп Баласағұнның саяси көшбасшылық концепциясы, озық идеялары мен философиялық тұжырымдарын зерттеу еліміздің жалпы гуманитарлық ғылымы үшін де аса өзекті.

Қарахан дәуірінде мәдениеттер мен идеялардың өзара байланысы, түркі-ислам мәдениетінің тұғырлы негіздерін айқындайтын іргелі ұғымдары мен философиясы қалыптасты. Бұл дәуірдегі түркілердің исламға негізделген саяси философиясы осы Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» шығармасында көрініс тапқан деп айтсақ қателеспейміз. Сонымен қатар «Құтты білік» шығармасында барлық халықтарды әр уақытта толғандырған жалпы адамзаттық идеялар, мұраттар жөнінде терең философиялық пікірлер айтылған. Жүсіп Баласағұн шығармасында еуропалықтарға дейін демократиялық құндылықтарды, қоғамдағы әділеттілік, әлеуметтік теңдік, заң мен құқықтың үстемдігі, мұқым жұрттың әл ауқатын көтеру, бақытты қоғам құру сияқты мәселелер жөнінде терең философиялық пікірлер айтып өткен. Сол заманға тән қоғамдағы теңсіздіктер, әділетсіздіктер, қысымға ұшыраған, құқықтары мен бостандықтарынан айрылған, езілген халықтың жай-күйі Жүсіп Баласағұн өмір сүріп, қызмет еткен ортағасырлық түркі қоғамында да орын алған мәселелер еді. Өзі өмір сүрген қоғамда қалыптасқан жағдайды өзгерте алмай, оның орнына бұл қоғамды ізгілендіру, халықты бақытқа жеткізу,

әлеуметтік және саяси қайта құру, әділетті қоғам орнату, сондай-ақ жеке тұлғаны, оның ішінде билеушіні тәрбиелеу туралы өз нұсқасын ұсынды. Жалпы «Құтты білік» шығармасын саралай қарасақ, оның авторы Жүсіп Баласағұнның өз заманындағы озық ойлы, аса білімді философ, энциклопедист, ақын, араб және парсы поэзиясы мен түркі тілдерінің қыр-сырын жетік меңгерген жазушы, адам жанының білгірі болғаны айқын аңғарылады. Оның туындысы мән-мағынасы жағынан билеушіге (саяси көшбасшыға) елін бақытқа жеткізетін білім мен білікті игеруді насихаттайды, халық тең көретін әділетті, ізгі билеушінің жағымды, жағымсыз мінез-құлық нормаларын нұсқайды. Жүсіп Баласағұн, «мен кітапты «Құтты білік» деп атап, оны оқыған оқырман білікті ойдың құтын тұтсын деп жаздым» дейді [1, 350 бәйіт]. Сондықтан белгілі түркітанушы А.Н. Кононовтың атап көрсеткеніндей, «Құтты білік» бұл құрғақ этикалық-дидактикалық нұсқаулар мен ілімдер кітабы ғана емес. Адам өмірінің мәні мен маңызын талдап, қоғамдағы тұлғаның (әсіресе саяси көшбасшының – авторлар) мінез-құлық нормалары мен міндеттерін айқындайтын терең философиялық трактат [2, 507 б.]. Сонымен бірге шығармада әділетті қоғам орнатып, елді бақытқа жеткізер саяси көшбасшы образының моральдық-этикалық нормалары мен міндеттері кеңінен сипатталған. Шығарма жанрлық жағынан ханзадаларға насихат (The Mirror for Princes) түрінде жазылғаны айқын. Мұны шығарманы зерттеген зерттеушілердің барлығы айтып өткен. Бұл жанр бойынша ахлақи һәм фәлсафалық трактаттар Батыс пен Шығыс халықтарына ертеден белгілі болғаны айқын. Сондықтан «Құтты білік» шығармасының алғашқы бөлімінде, бұл туынды қай билеушіге, қай заманда жетсе де, оның терең мағынасы үшін, өмірді терең талдап, пайымдағаны үшін сол елдердің даналары мен ғалымдары оны ықыласпен қабылдап, түрлі атаулар берген дейді. Машын (Оңтүстік Қытай) [3, 87 б.] елінің данышпандары «Айинул мемлекет» (Мемлекеттің дәстүрі) десе, Шын (Солтүстік Қытай) халқы оны «Әдәбүл-Мүлік» (Шахтардың әдеп-қағидалары), Мәшрық

(Шығыс елдері) уәлаятында данышпандар «Зийнәтүл-үмәрә» (Өмір зейнеті) деп атады; Парсы елінде «Шаһтар кітабы», немісе «Падишаларға насихат», тұрандықтар (түркілер елі) оны «Құтты білік» деп ат қойды делінген [1, 28-30-бәйіттер]. Бұл аталған шығармалардың ішінде ең танымалы Фирдоусидің Шахнама шығармасы ғана. Басқалары әзірге белгісіз. Сондықтан А.Н. Кононовтың пікірінше, шығарманың түрлі атаулар арқылы танымал болғандығы емес, осы жанрдағы шығармалардың кең таралуында болса керек дейді [2, 507 б.; 4].

### **Әдіснамасы**

Зерттеудің әдіснамалық негізін философиялық, тарихи (қоғамның тарихи дамуы) әдістер; жалпы адамзаттық құндылықтармен ұлттық ерекшеліктердің бірлігі идеясы аясындағы гуманизм принципі; түркі-ислам философиялық ойлары, саяси көшбасшылық концепциясы мен байырғы түркілердің көркем-дидактикалық шығармаларын теориялық, сыни және салыстырмалы талдау, синтез әдістері; көне философиялық тұжырымдар мен түркі-ислам ортағасырлық философиялық пікірлер үйлесімділігіне сараптамалық баға беру әдістері құрайды. Сонымен қатар зерттеудің теориялық негізін Батыс пен Шығыстың байырғы философтарының (Сократ, Платон, Аристотель, әл-Фараби) мемлекет, қоғам, саяси көшбасшылық, әділеттілік, бақыт жөніндегі идеялары; Жүсіп Баласағұн шығармасын зерттеген танымал зерттеушілердің: Арат Р.Р. [5-8], Кононов А.Н. [2, 4], Бартольд В.В. [3], Данкофф Р. [9], Егеубаев А. [10, 5 б.], Кляшторный С.Г. [11] зерттеулеріндегі тұжырымдамалық ойлар басшылыққа алынды.

Зерттеудің әдіснамалық базасы ретінде Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» шығармасы [1, 5], Махмұт Қашқаридың «Диуани лұғат-ат-түрк» атты шығармасы [12] да және ортағасырлық түркі-ислам философиясы бойынша философиялық, тарихи және педагогикалық бағытта жарыққа шыққан зерттеу әдебиеттері.

### **Негізгі бөлім**

Баласағұн қаласында дүниеге келген түркі ғұламасы, 1068 жылы Қашқарға барып, онда «Құтты білік» шығармасын он сегіз ай бойы жазумен айналысып, 1069 жылы оны Табғаш Қара Боғра ханға ұсынды [1, алғы сөз, 60-бәйіт]. Табғаш хан жазушыны құрметтеп, асқақтатып, оған хас-хажыб атағын берген. Сондықтан шығарманың алғы сөзінде оның есімі ұлы Хас-Хажыб Жүсіп атымен әйгілі болды дейді [1, прозадағы алғы сөз, 27-бәйіт, өлеңде, 62-бәйіт]. Хас-Хажыб лауазымы Махмұт Қашқаридың мәліметіне сүйенсек, бұл сөздің түркіше мағынасы бойынша «Таяныш», мемлекет таянышы немесе ханның тірегі. Ханның ең сенімді кеңесшісі деген мағына береді [12]. А.Н. Кононовтың пікірінше, Ұлық Хас-Хажыб бұл бүкіл сарай штаттық қызметкерлерінің басшысы, қазіргі мағынада шамамен «сарай министрі» болып табылады. В.В. Бартольдтың пікірінше, «бас камергер» деген атаққа сәйкес келеді дейді [2, 499 б.; 3, 419-425 б.]. Қарахан қоғамында Ұлық Хас-Хажыб аса маңызды лауазым болды. Бұл лауазымға ие болған адам, нақтысын айтқанда билеушінің барлығын байқайтын көзі; заңдар мен әдет-ғұрыптардың орындалуын қадағалаушы; ол қазынашымен, хатшылармен, қолөнершілермен қарым-қатынас жасайды, елшілерді қабылдайды, ресми жөн-жоралғылардың ұйымдастырылуын қадағалайды, кедейлердің, жесірлер мен жетімдердің өтініштері мен арыз-шағымдарын тыңдайды, Елік-бекке (ел билеушісі) «Құтты білік» бойынша билеушіге яғни Табғаш Қара Боғра ханға олар жөнінде хабарлайды [2, 502 б.]. Жүсіп Баласағұнның саяси көшбасшылық концепциясы жөнінде пікірлері осы лауазым негізінде де трактатта кеңінен сипатталған. Бұл атақ иесінің бойында қандай жеке және көшбасшылық қасиеттер қажет екені шығармада жан-жақты дәйектелген [1, 2435-2524-бәйіттер]. Дегенмен,

«Құтты білік» шығармасының қандай факторлар не қалыптасқан ахуал әсерінен жазылғаны немесе оның социомәдени алғышарттары белгісіз. А.Н. Кононов, туындыны зерттей келе, Қарахан мемлекетінде, сол кезеңде, дүр сілкіндірген саяси толқулар еңбектің жазылуына ықпал етуі мүмкін деп топшылайды. Бәлкім, Жүсіп Баласағұн күйзеліске ұшыраған қоғамның жаңа ахлақи іргетасын нығайтудың шұғыл қажеттігін сезінген шығар деп пайымдайды [2, 509 б.]. Мүмкін сол кезеңде ислам дінін мемлекеттік дін ретінде қабылдаған Қарахан мемлекетінің идеологиялық іргетасын қалыптастыру, нығайтуда осы іспеттес еңбекке мұқтаждық болған шығар. Мұндай пайымдаулар сол дәуірдегі түркі ойшылдарының саяси-философиялық және әлеуметтік-этикалық ой-пікірлерінің әлі толық зерттелмегендігін көрсетеді. Сонымен қатар тақырыпты талдау үшін, алдымен Жүсіп Баласағұн шығармасындағы түркі-ислам философиясының негізгі аспектілерін, оның қайнар көзін, социомәдени алғышарттарын айқындау аса маңызды.

Туынды жанрлық жағынан көне замандардан Шығыс пен Батыста кең тараған «Ханзадаларға насихат» (The Mirrors for Princes) дәстүрінде жазылған этикалық-моральдық, философиялық бағыттағы шығармаларға жатады [9, 131 б.; 2, 507 б.]. Шығарманы көне түркі тілінен қазақ тіліне аударған ғалым Асқар Егеубаев, «Құтты білік» шығармасын «поэтикалық таным биігін білдіретін арналы дәстүр» деп бағалады. Зерттеуші шығарманы өз кезеңіндегі, өзінен бұрынғы тарихи кезеңдердегі философиялық үрдістермен және өзінен кейінгі шығармаға ұқсас әдеби-эстетикалық шығармалармен тікелей үйлесіп, рухани үндесіп жатыр дейді [10, 16 б.]. «Құтты білік» шығармасын түркі тілінен орыс тіліне аударған зерттеуші С.Н. Иванов Жүсіп Баласағұн бұрынғы дәстүрге сүйенбей, мұндай әдеби шығарма жазған жазбағаны белгісіз дейді. Сонымен қатар «Құтты біліктен»

бұрын түркі тіліндегі сол сияқты шығарма немесе басқа жанрдағы қандай да бір әдеби шығармалардың болған немесе болмағаны туралы ғылымда нақты мәлімет жоқ дейді [13, 519 б.]. Ал А.Н. Кононов философиялық мазмұны терең, өте көлемді мұндай шығарма түрік поэзиясында бұрын соңды болмаған, тек араб және парсы – поэтикалық дәстүрін негізге ала отырып, түркі поэзиясының алғашқы тәжірибесінің жемісі деп санап, қабылдау жөнсіз дейді [2, 505 б.]. Жалпы зерттеушілердің пікірі бойынша «Құтты білік» шығармасы көне дәуірден бастау алатын ханзадаларға насихат (The Mirrors for Princes) жанрында жазылған моральдық-этикалық және философиялық шығарма [9; 3]. Бұл жанр көне замандардан мысырлықтарға, үнділерге, арабтарға, парсыларға, ортағасырлық кезеңде еуропалықтарға белгілі болды. Мысалы, ортағасыр кезеңінде Парсы елінде осы жанр бойынша бірқатар шығармалар жазылған. Бұл жанр бойынша жазылған ертедегі толыққанды шығарма 1082 жылы Солтүстік Иранның Зияридтер әулетінің ханзадасы жазған көпшілікке танымал «Қабуснама» [14]. Осы жанр бойынша парсылық классикалық шығармалардың келесісі, Селжұқ сұлтандарының атақты уәзірі Низам әл-Мүлктің шамамен 1090 жылы жазған «Сиасет-намэ» немесе «Билік кітабы». Бұл шығарма қалай билік жүргізу туралы нақты ұсыныстарды қамтитын басқару құлабызы сипатын ұстанған. Автордың негізгі мақсаты, ішкі алауыздық пен талас-тартыстарға қарсы Селжұқ империясын сақтау; және орталық билік пен тұрақтылықты насихаттау мақсатында жазылған [15]. Сонымен қатар осы топқа ұлы әл-Ғазалидің жазған «Насихат әл-Мүлік» («Патшаларға арналған кеңестер кітабы») шығармасын жатқызуға болады. Әл-Ғазалидің мақсаты этикалық ұстанымды орнату және сұлтандықтың діни негізі орнықтыру [16]. Мысалы, америкалық зерттеушісі Роберт Данкофтың пікірінше, дастан жанры жағынан да, мағынасы жағынан да батыстық

«Құдіретті комедия» (Divina Commedia) немесе парсылық «Шахнама» (همان‌هاش) шығармаларына жақын келеді [9, 131 б.].

Жүсіп Баласағұнның шығармада айтылған саяси-философиялық тұжырымдары әл-Фараби, Ибн Сина және Фирдоуси сияқты шығыстың ұлы ғұламаларының пікірлерімен үйлеседі. Мысалға түркі топырағының перзенті, Аристотельден кейінгі «Екінші ұстаз» әл-Фараби философиясымен Жүсіп Баласағұнның философиялық ой-пікірлері мен идеяларының үйлесімділігін байқауға болады. Әл-Фарабидің әлауқатты қоғам, бақытты мемлекет, саяси көшбасшылық туралы ой толғаныстары мен пікірлері Жүсіп Баласағұнның құтты қоғам құру және жақсы басшылардың мінез-құлқы мен даналығы жөніндегі идеяларымен үйлестіруге болады. Әл-Фарабидің даналық ойлары мен Жүсіп Баласағұнның әлеуметтік-эстетикалық көзқарастарының да сабақтастық желісі айқын аңғарылады. Әл-Фарабидің «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары», «Бақытқа жету жайында», «Даналық маржандары», «Ақылдың мәні туралы трактат», «Мемлекет қайраткерлерінің нақыл сөздері», тағы басқа әлеуметтік трактаттарындағы ақыл, білім мен ғылымның пайдасын, жекелеген адамдардың бақыты, жақсы басшылардың мінез-құлқы мен табиғаты хақында ой-пікірлері айтылса, «Құтты білік» шығармасындағы аналогиялық идеялар, утопиялық ойлар, философиялық түйіндер бір дүниетанымның, философиялық бағыттың жемістері екендігі айқын байқалады. Әл-Фараби мен Жүсіп Баласағұн ел басшысының даналығы, қоғам туралы ой-толғамдары бір арнада тоғысып отырады. Екі ғұлама да адамшылықты, мейірім-рахымшылықты, имандылықты тұлғаның асыл қасиеттері ретінде сипаттап, рөлін жоғары бағалайды. Білім мен парасаттылықты, даналықты адамшылықтың басты қасиеттері деп тұжырым жасайды. Халықты тең көруді, еңбегі мен парасат-даналығына қарай бағалауды парыз деп біледі [10, 17

б.]. Сонымен қатар «Құтты білік» авторы Жүсіп Баласағұн шығармасын таңдауда парсы авторы Фирдаусидің де ықпалы болғаны сөзсіз. Дегенмен, олардың шығарма жазудағы әдістері мен нәтижелері әр түрлі болды. Фирдауси парсы эпосын исламдық парсы формасына аударса, Жүсіп Баласағұн өзінің бастапқы мақсаты ретінде түркілік аңыз бен дастан дәстүрлерін (олар да бар) емес, араб және парсы әдебиетінде көрініс тапқан мемлекеттілікті қалыптастырудың ирандық-исламдық идеалдарын басшылыққа алды дейді. Оның мақсаты билік пен даналықтың түркілік дәстүрінің араб және ирандық әдебиетпен салыстыруға болатынын немесе одан дәрежесі жоғары екенін және ислам дінімен үйлесімді екенін көрсетуді мақсат етті дейді. Сондай-ақ мұны жүзеге асыруының негізгі жолы – мәтінде даналық сөздер айтып өткен әр түрлі түркі ақындары мен данышпандарына сілтеме жасау болды дейді [9, 131-132 бб.]. Зерттеушінің пікірінше, «Құтты білік» парсы-исламдық көшбасшылық концепциясы мен ханзадаларға насихат (the mirror for princes) дәстүрімен көп байланысы бар. Дегенмен, зерттеуші оның жергілікті түркі дүниетанымымен үйлесімділігі бар екенін де жоққа шығармайды. Мысалы, әскер қолбасшысына [1, 2309-2316 бәйіттер] тән түрлі жануарлардың қасиеттерін атап көрсеткенде, Жүсіп Баласағұн түркілердің ауызша дәстүріне сүйенуі мүмкін; бірақ ол, әрине, араб тіліндегі Адабқа енген дәстүрге де, сондай-ақ ирандық дәстүрге де сүйенген дейді [9, 140 б.].

Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» шығармасы әдеби ерекшеліктері бойынша этикалық-дидактикалық шығармаларға жатады. «Құтты білік» мән-мағынасы бойынша адамға (билеушіге) бақыт сыйлайтын білім мен білікті ойды игеруді насихаттайды. Жүсіп Баласағұн, мен кітапты «Құтты білік» деп атап, оны оқыған оқырман білікті ойдың құтын тұтсын деп жаздым дейді [1, 350 бәйіт]. Сонымен қатар ол кітабын білім мен ақылға жүгініп, елін бақытты етуге ұмтылған басшыға – әділетті

билік, даналық пен парасаттылық арқылы халықты бақытқа жеткізуге арналған. Дастан кейіпкерлердің көшбасшылық іс-әрекеті, адамгершілік, тәрбиелік мәні осы мақсатқа жетуге бағытталған. Шығармада саяси-философиялық ойлар, ахлақи идеялар, әсіресе саяси көшбасшылық жөніндегі мәселелер туындыда төрт абстрактілі принцип негізінде сипатталған. Бұл төрт принцип төрт негізгі кейіпкерлер арқылы бейнеленген. Оны Жүсіп Баласағұн шығармасында өзі хабарлайды.

(1) *Әділет* – Күнтуды (Kün Togdi) ханды (Елік) бейнелейді;

(2) *Дәулет* (бақыт, құт) – әділ уәзір Айтолды (Ay Toldi) бейнелейді;

(3) *Ақыл* (немесе *парасат*) (Intellect or Wisdom) – оны уәзірдің ұлы Өгдүлмішті (Ögdülmis) бейнелейді;

(4) *Қанағат* – уәзірдің бауыры, дәруіш Одғұрмыш (Odgurmish) бейнелеген [1, 65-71, 353-58 бәйіттер].

Әрбір қағида шығарма кейіпкерлері арқылы бейнеленіп, мемлекет, саясат, қоғам және саяси көшбасшылық сияқты мәселелерге қатысты пікірлер осы адамдар арасындағы диалог барысында айтылады. Жұмыстың бірінші жартысы осы кейіпкерлердің алғашқы үшеуінің арасындағы қарым-қатынасты ұсынады және ханзадалар үшін насихат (The Mirror for Princes), саяси көшбасшылық тақырыптарын қарастырады. А.Н. Кононов пікірінше, дастанда бақытты бейнелейтін Айтолды мен ақылды бейнелейтін Өгдүлмішті бейнелей отырып, Жүсіп Баласағұн өзінің ұстанымын, мұратын, көзқарасын, дүниетанымын білдіруі мүмкін дейді [2, 509 б.].

«Құтты біліктің» маңыздылығы кітаптың сюжеті немесе формасы емес, диалогтардың мазмұнымен айқындалады. Шығармадағы оқиғалар кейіпкерлердің әңгімелері мен хаттарынан тұрады. «Батырлардың әңгімелері мен хаттары үш негізгі тақырыпты қозғайды: түбі бір өлімнің болмай қоймайтындығы және мәңгілік өмір туралы ойлаудың қажеттілігі (билеушіге бейқам болма, жақсылық жаса, өзіңнің артыңнан жақсы ат қалдыр), Аллаға құлшылық етудің қажеттілігі, қамсыз өмірдің

мәңгілік болмауы және жақсы қасиеттерді бағалаудың қажеттілігі (жақсылық, әділдік, ақыл мен білім, ұстамдылық, жомарттық, т.б.). Бұл әңгімелердің астарында жатқан саяси көшбасшылық жөніндегі идеалдарды автор кіріспе тарауында (7-10 тараулар) баяндайды. Сонымен қатар Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» шығармасы нұсқау беретін, сұрақ қоятын, жауабын нақтылайтын дастан кейіпкерлерінің диалогтарынан тұрады. Танымның сұрақ-жауап түрі Жүсіп Баласағұн шығармасына да тән. Ол да қойылған сұраққа тікелей жауап бермей, жыр кейіпкерлері арқылы мәселені талқылайды, сұрақтың жауабын табу үшін данышпандардың, ғалымдардың, ақындардың ойларына жүгінеді, ең соңында халық даналығына – мақал-мәтелдер, нақыл сөздердің негізінде қойылған сұраққа дұрыс жауап табылады.

Роберт Данкофтың пікірінше, «Құтты білік» даналық мағынасын беретін түрік сөзінің бірі *bilig* пен «сәттілік» немесе «билік харизмасы» деген мағына беретін *kut* сөзін байланыстыра отырып, «Патша даңқына немесе сәттілікке жетелейтін даналық (Wisdom)» (The Wisdom of Royal Glory) дегенді білдіреді дейді. Жүсіп Баласағұнның саяси-әлеуметтік тұрақсыздықтар заманында билеушілердің жүріс-тұрысын, мінез құлқын басшылыққа алу және оның билігінің баянды болуын қамтамасыз ету үшін оларға сарай өмірінің нұсқау, насихат беру болды дейді [9, 131-132 бб.]. Осы арқылы Жүсіп Баласағұн Түркістанның ханзадаларына саяси мансаптарының бастапқы кезеңіндегі исламдық саяси және мәдени өмірдің нұсқаулықтарын (The mirror of Political and Cultural life) берді. Х ғасырдың екінші жартысындағы Қарахандықтардың тұрақсыз саяси жағдайын ескерсек, сол кездегі негізгі әдеби ескерткіш ханзадалар үшін насихат ретінде жазылуы әбден орынды. «Ханзадаларға арналған насихат» (The Mirrors for Princes) ортағасырлық Батыс пен Шығыс әдебиетінде әмбебап жанрдың атауы болып саналды. Кең мағынада оны мемлекетті «қалай басқару керектігі туралы насихат» деп анықтауға болады. Ол басқа жанрлардан ерекшеленеді. Алайда, оны бір жағынан, этикетке үйрету; әлсіз жағынан,

саяси философия ретінде қарастыруға болады. Бұл жанр «Даналық» ұғымының ауызша және жазбаша формаларындағы кең категориясына жатады. Ал «Құтты білік», жоғарыда атап көрсетілгендей, екі түрлі даналық дәстүрін: түркілік және ирандық-исламдық дәстүрлерді синтездеу, біріктірді [9, 87-95 бб.]. Бұл жанрдың үлгілерін Ежелгі Таяу Шығыстан, Қытайдан, Үндістаннан, Исламдық Таяу Шығыстан, Ежелгі Грекиядан, ортағасырлардағы Еуропадан, әсіресе Қайта Өрлеу дәуірлерінде жазылған шығармалар арқылы көптеген мысалдарын атап өтуге болады. Жанрдың кең ауқымда таралуы мұндай әдебиеттің автократиялық қоғамдағы рөліне байланысты болды: ол консервативті дәстүрді қамтиды; ол биліктің қан-төгіссіз ауысуын қамтамасыз етеді; бұл әсіресе мемлекеттегі дағдарыс кезінде: билеуші әулет ауысқанда, сыртқы қауіп немесе ішкі күйреу кезінде өте маңызды саналды. Ханзадаларға арналған насихаттың ерекшелігі заман мен мекенге қарамастан олардың біртекті болуы. Кең таралған түрі не уәзір, не басқа кеңесші өз билеушісіне, немесе билеушінің өзі мұрагеріне жүгінеді. Бұл әдебиеттегі негізгі үрдіс әрқашан осы дүниелік. Басқа дүниелік алаңдаушылықтар тұрақтылық, өркендеу және беделділік сияқты дүниелік мақсаттарға жол береді. Мысалы, біздің дәуірімізге дейінгі жиырма екінші ғасырда мысырлық перғауынның ұлына берген нұсқауы осы жанрдың алғашқы үлгісі саналады:

Жамандық жасама, шыдамдылық жақсы қасиет;

Үйіңізде шындықты айтыңыз, сонда қоластыңыздағы жақсылар сізді құрметтесін, өйткені егемендіктің даңқы әділетті болумен айқындалады;

Жер бетінде ұзақ өмір сүру үшін әділетті болыңдар ...

Әділетсіз жазадан сақтаныңдар; өлтірмеңдер, өйткені бұл сендерге жақсылық әкелмейді, бірақ ұрып-соғумен және түрмемен жазалаңдар, өйткені бұл ел осылай тәртіпке келтіріледі... [9, 135 б.].

Ежелгі және ортағасыр кезеңінде Шығыс пен Батыс елдерінде билеушілерге кеңестер көптеген мәселелерді қамтыды: сот төрелігін ұйымдастыру; оны

жүзеге асыру; елшілермен қарым-қатынас; дана кеңесшілердің қажеттілігі; әскерді бақылау; қоғамдағы түрлі топтар арасындағы қарым-қатынастар; жақсы атқа ие болуға тәрбиелеу; жақсы сөйлеу; дастарханда өзін ұстау; әйел таңдау; үй шаруашылығын ұйымдастыру бойынша ақыл кеңестер. Бұл әдеби философиялық шығармаларда практикалық мақсаттармен қатар, рухани, басқа дүниелік мотивтер де бар. Бұл жанрдың негізгі бағыттарының бірі – патшалық идеологиясын насихаттау болды және бұл идеологияның діни негізі де бар [9, 136 б.].

Саяси көшбасшылық ілімі шығармада ең алдымен Жүсіп Баласағұн өзі иемденген хас-хажыбтың мысалында сипатталады. Бұл атақ иесінің бойында қандай қасиеттер керек екені дастанда жан-жақты сипатталған [1, 2435-2524-бәйіттер]. Жүсіп Баласағұн, лауазымдардың ішіндегі ең нәзігі – хажыбтықтың машақаты дейді [1, 2484 бәйіт]. Өйткені, хажыбтық мансап үшін он қасиет керек: ақыл, даналық, сүйкімді жүз, еңселі бой, қызыл тіл, зеректік, өткір көз, сақ құлақ, кең пейіл, жақсы қылық [1, 2487-2488 бәйіттер]. Жүсіп Баласағұнның айтуынша хажыб өз мінезіне ие бола отырып, шыдамды болу керек дейді. Артық айтпай, кішіпейілділік танытқаны жөн. Көпті еститін, ақылы мен білімі терең, ісі мен сөзі біріне бірі сәйкес келуі тиіс дейді. Парасат, өнер мен білімге құштар болып, барлық іске білімін жұмсау керек дейді. Ұлы хажыб жүзін жарқын ұстап, барлық істі адал еңбекпен, маңдай термен атқарсын, істің мәнін түсініп, ойланып қарасаңыз, хажыбтың қызметі барлық қызметтен ауыр дейді. Сіз хажыб лауазымына ие бола аласыз, егер осы лауазымға тиесілі барлық қасиеттің бәріне ие болсаңыз деп пайымдайды [1, 2480-2485 бәйіттер].

Жүсіп Баласағұн мемлекет билеушісінің бойынан табылатын қасиеттерді сипаттап өткен. Оның айтуынша ерге төзімділік, шыдамдылық пен күшқайрат керек. Күн мен Айдың нұрындай жайнап, адал, таза болуы керек. Оған

жомарттық, һәм салмақтық қажет, білімділік пен ақылдылық керек. Жарамды мен жарамсыздық салмақтап, дұрыс таңдау қажет. Барлық іске зерек болып, парықтау қажет дейді [1]. Жүсіп Баласағұн билеушіге білімнің қажеттілігін де еске салады: «ақыл болса, асыл болар ер, білім болса, бектік қылар ер» дейді. Сонымен қатар философ білімді адам ғана билеуші бола алатынын ерекше атап өткен [1, 300-301-бәйіттер].

Жүсіп Баласағұн егер саяси көшбасшы (хажыб) заңды бұлтартпай, оның орындалуын дұрыс қадағаласа, халық алдынан құт пен бақыттың қақпасы ашылады дейді [1, 2490-бәйіт]. Автордың шығармасынан Хажыбтың қызметі халықпен қарым-қатынас жасау, сондықтан шенеуніктен қарым-қатынастың дағдыларын терең игеру қажет деген талап қояды. Оның айтуынша, Хажыбтың ісі үлкен істердің төресі және оны тек ақыл-өресі жеткен тәжірибелі адам ғана шебер атқара алады. Хажыб болсын, бек болсын – олардың атқаратын жұмысы бір – халықтың, елдің қамы. Үлкен болсын, кіші болсын істің мәнін түсіндір! Хатшы келсе де, ісші ме, қазынашы келсе қабылда дейді. Тігінші, етікші келсе оларға да тарылмай, дұрыс қарым-қатынас жасай біл дейді [1, 2491-2494 бәйіттер]. Осы жерде айта кететін мәселе Жүсіп Баласағұн билеушінің интернационалдық ұстанымын дастанда айқын көрсетеді. Ол шығармасында, егер алдыңа өзге елдің елшісі келсе, қадірін бағалай біл, жат екен деп оны шеттетпе дейді. Елшіге мұрсат беріп, сый көрсетіңіз, ас суын, қонатын үй беріңіз дейді [1, 2495-2496-бәйіттер]. Сонымен қатар Хажыб заң мен дәстүрді бұзуға жол бермеуі керек дейді. Кедей, жесір және жетімдердің мұңын тыңдап, барлығын билеушіге жеткізу қажет. Егер өтініш берушілер қайғыдан қысылса, халін біліп, оларға көмектесіп, қолдап, істерін шешіңіз дейді [1, 2497-2499-бәйіттер]. Хас-хажыб лауазымындағы адамнан жай адамға қарағанда үлкен жауапкершілік пен парыз талап етіледі дейді. Автор бірінші парыз – бектің сөзін



сақтау, екінші парыз – нәпсіні ақылмен тыю, үшіншісі – өзін бекем ұстап, сөзі текке шықпасын, жай сөз ретінде желге ұшпасын дейді [1, 2503-2505-бәйіттер].

Жүсіп Баласағұнның саяси көшбасшылық жөніндегі ілімінің ерекшелігі – ол тек түркі тілі мен түркілік саяси көшбасшылық дәстүрін ислам дінінің негізінде ханзадаларға насихат (*The Mirrors for Princes*) жанрына бейімдеп қана қойған жоқ. Сонымен қатар ол осы жанрдың дамуына айрықша үлес қосты. Ол тақырып аясында қарастырылған мәселелерді диалог түрінде өрбітті; басты кейіпкерлерге айрықша аллегориялық атаулар берді; түркі қоғамындағы саяси көшбасшылықтың әлеуметтік-ахлақи аспектілерін толықтырушы идеалдарын енгізді. Саяси көшбасшылық концепциясы жөніндегі мәселелер шығарманың бірінші бөлімінде диалог түрінде өрбіген. Күнтуды (*Kün Togdi*) мен уәзір Айтолды (*Ay Toldi*) және Күнтуды (*Kün Togdi*) мен уәзірдің ұлы Өгдүлміш бір-біріне саяси көшбасшылық және ақыл, парасаттылық сияқты ұғымдар бойынша сұрақтар қойып, оларға даналық жауаптар беріліп, жауаптар нақтыланып, толықтырылып, түзетіліп отырған. Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» шығармасының сюжетін құруда көркемдік-әдеби құрал ретінде антик кезеңіндегі әңгімелесу әдісін алғандығын айтуға мүмкіндік береді. Туынды кейіпкерлері сұрақ-жауап, іздену арқылы ой түйіндейді, пайымдайды, ақиқатты анықтау үшін данышпандар, ғалымдар, ақын-жазушылар ойларын негізге алады. Сонымен қатар халықтың ауызша әдебиетінің – мақал-мәтелдерге, нақыл сөздерді қолдана отырып мәселенің ақиқаттығына бұлтартпас дәлел ретінде келтіреді. Еңбектің бірінші бөлімінде Елік Күнтуды жақсы уәзірді қызметке алуды қалайды. Сондықтан Елікке қызмет ету үшін алыстан келген ізетті жас жігіт Айтолдыны сыйға тартады. Шығарманың 15-18 тарауларында екі көрініс бар, оларда уәзір Айтолды өзін «Бақыт» және Елік Күнтуды өзін «Әділет» кейпінде көрсетеді. Осыған байланысты билеушінің турашылдығы мен ізгілігі, ма-

ғыналы сөздерінің пайдасы туралы айтылады. Ақырында Елік Айтолдыны уәзір етіп тағайындайды [1, 1036-бәйіт]. Содан кейін 20-тарауда Айтолды бақытсыздыққа ұшырайды. Ол емшілердің барлық күш-жігеріне қарамастан емделмейтін ауруға ұшырайды [1, 1057-бәйіт]. Кейінгі тарауда, Айтолдының ұлы Өгдүлмішке өсиеті туралы айтады. Әкесі балаға ақыл айтады (22 тарау). Сонымен қатар уәзір Айтолды Елік Күнтудыға аманат, өсиет жазады (23-тарау), оның барысында ол ұлын ханның қамқорлығына тапсырады [1, 1484-бәйіт]. Айтолды қайтыс болғаннан кейін, Елік Күнтуды оның ұлы Өгдүлмішті қабылдайды [1, 1552-бәйіт]. Біраз уақыттан кейін Елік Күнтуды Айтолдыны сағынып, Өгдүлмішті есіне алады және оны өзіне шақырады. Оның тапқырлығын сынап болған соң, ол жігітті саяси көшбасшы ретінде тәрбиелеуге шешім қабылдайды. Өгдүлміш көп ұзамай ханның бас кеңесшісі болады. Ол әсіресе даналық пен ақыл тақырыбына шешендік танытып, Ақыл қағидасын кейіптейді [1, 27-тарау].

Бірінші бөлімнің қалған тарауларында да саяси көшбасшылық және ханзадаларға арналған насихат тақырыптарына арналған. Еліктің сұрауларына жауап ретінде «Өгдүлміш» әр түрлі сарай қызметкерлерінің қасиеттері мен міндеттерін сипаттайды (28-37 тараулар). 28 тарауда бектің қандай болу керектігі жөнінде айтылады. Елік Күнтуды Өгдүлмішке мынадай сұрақ қояды: халықты бай, кедей демей, ақылды, ақымақ, білімді, білімсіз демей, аңқау, қу демей, алаламай басқаратын бек қандай болу керек дейді [1, 1923-1924 бәйіттер]. Сонда Өгдүлміш бек болып анадан туады, бірақ істі кейін үйреніп, игілігін көреді. Алланың қалауымен бек болып, оған ақыл, жүрек, қанат береді дейді. Бектің ісі қаншалықты күрделі екенін тек бекке тең кісі ғана ұғады дейді [1, 1932-1935 бәйіттер]. Сонымен қатар Өгдүлміш Елікке бек болып асыл текті ер ғана болады. Мұнымен қоса оған күшті, батыл, қайсар, епті, ержүрек керек; ақыл, пәктік,

білік (даналық) керек. Бек деген тек білікпен билігін нығайтады. Ақыл, білім һәм ес керек. Тіпті білімдінің жауы да көп болады. Мәңгі атағың қалу үшін бекке мың қасиет керек дейді [1, 1949-1956 бәйіттер]. Бек шындықты жақтайтын, көңілі, тілі түзу, зерделі, сара болғаны жөн. Халық та осы қара қылды қақ жаратын шыншыл, халқы үшін тозаққа да түсуге дайын сара басшыға мұқтаж [1, 1964-65 бәйіттер]. Бек үшін ақыл мен біліктің маңыздылығы осы тарауда айқын көрсетілген. Бек халқын білігімен басқарады. Білімсіз болса, ақылы да іске аспай қалады. Бек қателессе бектігін дерт жеңгенінің белгісі. Олай болса, дерттің дауасы тек ақыл мен білік болады дейді [1, 1968-70 бәйіттер]. Бек жігерлі, сергек болу керек. Бек егер салғырт болса, оған халқы қалай сенеді дейді. Сонымен қатар шығармада көшбасшының жағымсыз қылықтарын да атап көрсеткен. Мысалы, ұшқалақтық нашар қылық, тіпті бектің жүзін де боз қылады. Мұнан бөлек ызақорлық, қызбалық надандықтың белгісі [1, 1996-97 бәйіттер]. Асығыстық та нашар қасиет, асыққанда іс шала болады. Сондықтан іс бастағанда сабыр қыл дейді. Мұнан бөлек ашкөздік, сұғанақтық жаман қасиет, дауасыз дерт (1, 1998-2002 бәйіттер). Бұл нашар қасиеттерден құтқарар ар мен ұят екені шығармада жазылған. Ар-ұяты бар басшы ғана құт пен даңққа бөленеді. Барша халықты арамнан құтқарса, тек ұят ғана құтқарады [1, 2003-04 бәйіттер].

Көне заманнан философтар саяси көшбасшының ең басты қасиеті ретінде әділеттілікті атап көрсетеді. Әділетті билеуші портреті осы бірінші бөлімде кеңінен сипатталған. Шығармада ел билеушісінің әділдік қасиетінің болуы жалпыға ортақ игілік ретінде қарастырылады. Әділ басшы халықтың жалпы бақыты мен өркендеуінің кепілі ретінде дәйектеледі. Әділеттілік ізгілік пен бақытқа жетудің басты құралы ретінде сипатталады. Әділ басшы ретінде басшының даналығы мен зерделілігі, турашылдығы, қаталдығы, шыншылдығы, руханилығы, шапшаңдығы, батылдығы

сияқты басқа да бірқатар қасиеттермен толықтырылады. Оларды түптеп келгенде тұлғаның даңқы мен есімінің мәңгіге қалуымен сипатталады. Әділдіктің арқасында ел басына жырдың бас кейіпкері Елік Күнтуды билеуші қойылып, халқына адал қызмет ету арқылы өзінің мәңгілік есімін қалдыруды мақсат етті. Жүсіп Баласағұн туындының бас кейіпкеріне Күнтуды – Күн шықты (Туған күн) деген атау бергені бекер емес. Бұл билеуші (Елік) – түркі тілінен аударғанда ең бірінші деген мағынаны білдіреді. Аспаннан Күн нұрын шашып, барша адамдарға теңдей жарық сыйлағандай, әділетті бейнеленген Күнтуды жерде де, халқына солай әрекет жасауға шақырады. Бұл байырғы және Жүсіп Баласағұн дәуіріндегі түркі философтарының негізгі идеясы.

Елдің іргесін берік ұстап, елді бақытқа жеткізу үшін көшбасшылар екі нәрсені қатаң сақтау қажет. Бірі заңның үстемдігі, екіншісі сақтық дейді. Егер бек сақ болса, жауы жасып, елдің іргесі нығайады. Заңды тура сақтаса, елде әділдік орнап, күні жарқын болады дейді. Осы екі жайды көшбасшы бек қатаң ескеру керек. Бұл бектіктің сынағы деп айтады [1, 2015-2018 бәйіттер]. Шығарма жаугершілік заманда жазылған соң, халыққа ұлы істерде ұлы жорық бастайтын алып ұлдар, көшбасшылар керектігін де негіздейді [1, 1961 бәйіт]. Бірінші бөлімнің соңында [1, 38-тарау] Елік Күнтуды Өгдүлміштің айтқанын орындап, хандықты әділ басқаруына байланысты елі өркендеп, халқы бай және бақытты елге айналғаны туралы айтылады [1, 3102-3108-бәйіттер].

### **Қорытынды**

Жүсіп Баласағұнның түркі тілінде поэтикалық түрде жазылған көлемді «Құтты білік» шығармасы сол дәуірдегі түркі-ислам саяси философиясы мен саяси көшбасшылық жөніндегі идеяларының қайнар көзі; түркі халқының бостандық пен еркіндікке ұмтылуының жаңғырығы; халықты бақытқа жеткізу

үшін өзінің қабілеті мен күш-жігерін жұмсайтын идеалды кемел басшыға насихат кітабы. Мақалада осы аталған негіздер бойынша ортағасырлық Жүсіп Баласағұн шығармасындағы әділетті қоғам, бақыт жөніндегі мәселелер, саяси көшбасшылық концепцияның социомәдени алғышарттары, билеушінің моралдық-этикалық нормалары, қасиеттері, міндеттері, мемлекетті заңдылық пен құқықты қамтамасыз ететін, халқын бақытқа жеткізетін саяси көшбасшының образы туралы пікірлер талданды.

Жүсіп Баласағұн шығармасы ахлақи және терең философиялық шығармалар қатарына жатады және өзінен бұрынғы кезеңдегі философиялық үрдіспен үйлесіп, рухани үндесіп жатыр. Бұл шығармадағы үндес көптеген идеялары әл-Фараби, Ибн Сина және Фирдоуси сияқты шығыстың атақты ғұламаларының пікірлерімен үйлестіруге болады. Мысалы, әл-Фарабидің әл-ауқатты қоғам, бақытты мемлекет, саяси көшбасшылық туралы пікірлері Жүсіп Баласағұнның құтты, бақытты қоғам құру және дана саяси көшбасшының мінез-құлқы мен даналығы жөніндегі идеяларымен үйлестіруге болады. Әл-Фарабидің «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары», «Данышпандықтың маржаны», «Бақытқа жету жайында», «Мемлекет қайраткерлерінің нақыл сөздері», «Ақылдың мәні туралы трактат» және тағы басқа әлеуметтік трактаттарындағы ақыл, білім мен ғылымның пайдасын, адамдардың бақыты, дана билеушілердің мінез-құлқы мен табиғаты туралы ой-пікірлері айтылса, «Құтты білік» шығармасындағы аналогиялық идеялар, утопиялық ойлар, философиялық түйіндер бір дүниетанымның, философиялық бағыттың жемістері екендігі айқын байқалады. Әл-Фараби мен Жүсіп Баласағұн ел билеушісі (бектің) даналығы, қоғам туралы ой-толғамдары бір арнадан тоғысып отырады. Екі ғұлама да халықты тең көруді, әділетті болуды, еңбегі мен парасат-даналығына қарай бағалауды парыз деп біледі.

Шығарма мән-мазмұны жағынан адамға (билеушіге) бақыт сыйлайтын білім мен білікті ойды игеруді насихаттайды. Сондай-ақ Жүсіп Баласағұн шығармасын білім мен ақылға жүгініп, халқын бақытты етуге ұмтылыс танытқан билеушіге даналық пен парасаттылықты игеруді, әділетті болуды, халқын тең көруді, осы арқылы халқын бақытты етуді насихаттайды. Туындыдағы барлық кейіпкерлердің саяси көшбасшылық қызметі, іс-әрекетінің мазмұны осы мақсатқа бағытталған. Шығармада «Құтты білік» шығармасының кейіпкерлері төрт принциптерінің негізінде бейнеленген. Елік Күнтуды (Күн шықты) әділдік немесе шындықты бейнелейді; Уәзір Айтолды (Ай толды) – Бақытты; оның ұлы Өгдүлміш – Ақылды (Парасат) бейнелейді; уәзірдің бауыры Одгурмыш – Қанағатты бейнелейді. Дастан кейіпкерлерінің іс-әрекеті халықтың игілігіне жол ашады, мысалы, Күнтуды мемлекетті әділ басқарып, халықты жалпы игілікке, бүкіл халықты бақытқа жетелейді; Бүкіл саналы ғұмырын Айтолды уәзір мемлекетке қызмет етуге арнайды; оның ұлы Өгдүлміш әкесінің жұмысын жалғастырып, ақыл мен даналықтың бейнесі ретінде билеушіге ақыл мен даналық ойларын насихаттайды. Жүсіп Баласағұн саяси көшбасшының барлық іс-әрекеті халық игілігі үшін болуы керек екенін дәлелдеді. Сонымен қатар шығармада түркілерге тән ежелден кең таралған адамшылық, имандылық туралы, өмір, тіршілік жайлы тұжырымдамалық пікірлер, әсіресе болашақта халқын бақытқа жеткізетін саяси көшбасшыға (ханзадаға), дана, әрі әділ билеушінің қасиеттерін, мінез-құлық нормаларын, міндеттерін насихат түрінде сипатталған. Жүсіп Баласағұн саяси көшбасшылықтың негізгі қағидалары ретінде әділеттілікті, турашылдықты, қатаңдықты, шыншылдықты, руханилықты, парасаттылықты, ақылды болуын, білімді болудың, билеушінің шешім қабылдаудағы шапшаңдығын, батылдығын, шеберлігін атап өтеді. Сондай-ақ билікте зұлымдық пен

жауларға қарсы бағытталған тиранияның мүмкін элементтері болуы мүмкін екендігін, олар үшін саяси көшбасшы от пен қорқыныш сияқты болу қажеттілігі, билеуші ақыл, білім мен білік арқылы ғана әділетті қоғам құруға және халықты бақытқа жеткізе алатынын атап өтеді.

### Әдебиеттер тізімі

1 Жүсіп Баласағұн. Құтты білік. – Алматы, Таймас баспа үйі, 2007. – 536 б.

2 Кононов А.Н. Поэма Юсуфа Баласағұнского «Благодатное знание». – Москва, Наука, 1983. – С. 495-517.

3 Бартольд В. В. Богра-хан, упомянутый в Кутадгу билик. – М., 1968. – С. 419-425.

4 Кононов А. Н. Слово о Юсуфе из Баласағуна и его поэме “Кутадгу билиг” // Советская тюркология. – 1970. – №. 4. – С. 3-12.

5 Yusuf Has Hacip. Kutadgu bilig. – Ankara, *Türk Tarih Kurumu*, 1988. – 656 s.

6 Arat R. R. Kutadgu Bilig I. – İstanbul, Millî Eğitim Basımevi, 1947.

7 Arat R. R. Yusuf Has Hâcib. Kutadgu Bilig II. – Ankara, *Türk Tarih Kurumu Yayınları*, 1959.

8 Arat R. R. Kutadgu Bilig III. – İstanbul, *Türk Kültürünü*, 1979. – 656 p.

9 Dankoff R. Introduction to Wisdom of Royal Glory. Chicago, 1983. // From Mahmud Kasgari to Evliya Celebi Studies in Middle Turkic and Ottoman Literatures. – İstanbul, Isis Press, 2008. – 131-172 pp.

10 Ереубаев А. Түркі әлемінің ұлы мұрасы. Жүсіп Баласағұн «Құтты білік» (XI ғ.). Жүсіп Баласағұн. Құтты білік. – Алматы, Таймас, 2007. – 8-55 б.

11 Кляшторный С.Г. Кутадгу Билиг. Советская тюркология. – 1970. - № 4. - С.82-86.

12 Махмұт Қашқари. Түрік тілінің сөздігі. (Диуани лұғат-ит-түрік). – Алматы: ХАНТ баспасы, 1997. – 592 б.

13 Иванов С.Н.О «Благодатном знании» Юсуфа Баласағұнского. – Москва, Наука, 1983. – С. 518-538.

14 Levy R. et al. A Mirror for Princes: The Qabus Nama, by Kai Ka’us Ibn Iskandar, Prince of Gurgan. – EP Dutton, 1951. – 265 p.

15 Al-Mulk N. The Book of Government: or, Rules for Kings, the Siyar Al-Muluk Or Siyasat-nama. – London: Routledge & K. Paul, 1978. – 292 p.

16 Ghazali’s Book of Counsel for Kings (Nasihah al-muluk). – London: Oxford University Press, 1964.

### Transliteration

1 Zhusip Balasagun. Qutty bilik [Kutadgu Bilig]. – Almaty, Taïmas baspa үйі, 2007. – 536 b. (in Kaz)

2 Kononov A.N. Pojema Jusufa Balasagunskogo «Blagodatnoe znanie» [Yusuf Balasagunsky’s poem “Kutadgu Bilig”]. – Moskva, Nauka, 1983. – С. 495-517. (in Russ)

3 Bartol’d V.V. Bogra-han, upomjanutyj v Kutadgu bilik [Bogra-khan, mentioned in Kutadgu Bilig]. – M., 1968. – S. 419-425. (in Russ)

4 Kononov A.N. Slovo o Jusufe iz Balasaguna i ego pojeme “Kutadgu bilig” [A word about Yusuf from Balasagun and his poem “Kutadgu Bilig”]// Sovetskaja tjurkologija. – 1970. – №. 4. – S. 3-12. (in Russ)

5 Yusuf Has Hacip. Kutadgu bilig [Kutadgu Bilig]. – Ankara, Türk Tarih Kurumu, 1988. – 656 s. (in Turkish)

6 Arat R.R. Kutadgu Bilig I [Kutadgu Bilig I]. – İstanbul, Millî Eğitim Basımevi, 1947. (in Turkish)

7 Arat R.R. Yusuf Has Hâcib, Kutadgu Bilig II [Yusuf Has Hacib, Kutadgu Bilig II]. – Ankara, Türk Tarih Kurumu Yayınları, 1959. (in Turkish)

8 Arat R.R. Kutadgu Bilig III [Kutadgu Bilig III]. – İstanbul, Türk Kültürünü, 1979. – 656 p. (in Turkish)

9 Dankoff R. Introduction to Wisdom of Royal Glory. Chicago, 1983. // From Mahmud Kasgari to Evliya Celebi Studies in Middle Turkic and Ottoman Literatures. – İstanbul, Isis Press, 2008. – 131-172 pp.

10 Egeubaev A. Turki aleminin uly murasy [The great heritage of the Turkic world]. Zhusip Balasagun «Qutty bilik» (XI ғ.). Zhusip Balasagun. Qutty bilik. – Almaty, Taïmas, 2007. – 8-55 b. (in Kaz)

11 Kljashtornyj S.G. Kutadgu Bilig. Sovetskaja tjurkologija [“Kutadgu Bilig”. Soviet Turkology]. – 1970. - № 4. - S.82-86. (in Russ)

12 Mahmut Qashqari. Turik tilinin sozdigi [Dictionary of the Turkish language] (Diواني lugat-it-turik). – Almaty: HANT baspasy, 1997. – 592 b. (in Kaz)

13 Ivanov S.N.O «Blagodatnom znanii» Jusufa Balasagunskogo [On the “Kutadgu Bilig” of Yusuf Balasagunsky]. – Moskva, Nauka, 1983. – S. 518-538. (in Russ)

14 Levy R. et al. A Mirror for Princes: The Qabus Nama, by Kai Ka’us Ibn Iskandar, Prince of Gurgan. – EP Dutton, 1951. – 265 p.

15 Al-Mulk N. The Book of Government: or, Rules for Kings, the Siyar Al-Muluk Or Siyasat-nama. – London: Routledge & K. Paul, 1978. – 292 p.

16 Ghazali’s Book of Counsel for Kings (Nasihah al-muluk). – London: Oxford University Press, 1964.

## АВТОРЛАР ЖАЙЛЫ АҚПАРАТ

- Дархан Мирзабекович Наурузбаев* PhD докторант, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан, email: nauruzbayevd@bk.ru, ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0002-7934-4919>
- Жақыпбек Алтайұлы Алтаев* профессор, философия ғылымдарының докторы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан, email: altaev.kaznu@gmail.com, ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0002-3925-0045>
- Айымжан Әбуқызы Рыскиева* қауымдастырылған профессор, философия ғылымдарының кандидаты, Нұр-Мүбарак Египет ислам мәдениеті университеті, Алматы, Қазақстан, email: ryskiev.aa@bk.ru, ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0001-8433-729X>
- Дархан Мирзабекович Наурузбаев* PhD докторант, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан, email: nauruzbayevd@bk.ru, ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0002-7934-4919>
- Жакипбек Алтайұлы Алтаев* профессор, доктор философских наук, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан, email: altaev.kaznu@gmail.com, ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0002-3925-0045>
- Айымжан Абуқызы Рыскиева* ассоциированный профессор, кандидат философских наук, Египетский университет исламской культуры Нур-Мубарак, Алматы, Казахстан, email: ryskiev.aa@bk.ru, ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0001-8433-729X>
- Darkhan Nauruzbayev* PhD student, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan, email: nauruzbayevd@bk.ru, ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0002-7934-4919>
- Altayev Zhakipbek* Professor, Doctor of Philosophical Sciences, Al-Farabi Kazakh National university, Almaty, Kazakhstan, email: altaev.kaznu@gmail.com, ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0002-3925-0045>
- Ryskiyeva Aiympzhan* Associate Professor, Candidate of Philosophical Sciences, Nur-Mubarak Egyptian University of Islamic Culture, Almaty, Kazakhstan, email: ryskiev.aa@bk.ru, ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0001-8433-729X>

